

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

Әббасқай бақша кешені

менгеруші

Мираманова М.А.



Ашық оқу қызметі

Тақырыбы: «көңілді көліктер»

«Аққу» ересек топ

Тәрбиеші: Сайрамбаева Л.Д.

2022-2023

Шаттық шеңбері.

Қуан шаттан,

Қуан шаттан,

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң,

Қайырлы күн,

Күліп шықты, күн бүгін.

Шаттық шеңберінде балалар бір – біріне жылулық сыйлайды.

Жұмбақ:

— Балалар кәне мен сендерге

жұмбақ жасырайыншы?

Жасыл кәзі «жүр» дейді.

Қызыл кәзі «тұр» дейді

Сары кәзі «дайын бол» дейді.

Бұл не? (Бағдаршам)

— Дұрыс айтасыңдар, балалар.

Бүгін «Бағдаршам – біздің досымыз» атты тақырыпты әтеміз, яғни жолда жаяу жүру ережесімен танысамыз. (балалардың назарын слайдқа аудару)

— Суретте не көріп тұрсыңдар?

— Үш түсті кім атап береді?

— Осы үш түсті біріктірсе, не пайда болады?

Бағдаршам.

үш түсті дөңгелек бар.

— Қызыл түс.

— Сары түс.

— Жасыл түс.

Бағдаршам.

— Әте дұрыс, бұл бағдаршам екен. Қазір мен бағдаршамның не үшін керек екенін айтып берейін. Сендер мұқият тыңдап алыңдар. Бағдаршам бізге жол

қиылыстарынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайды. Жолдан өтерде өте мұқият болу керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды.

Бағдаршамның үш көзі — үш түрлі. Бағдаршам бар қиылыста адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда кәліктер тоқтайды, ал адамдар жаяу жүрушілер ақ жолақтармен өтеді.

— Ал, ортадағы сары көзі жанса, кәліктер дайындалады.

— Ал жасыл көзі жанса, жол ашылады, кәліктер жүреді. Бағдаршамның үш көзі жаяу жүргіншілерге және кәлік пен жүруге де өте қолайлы, адам өміріне орасан зор.

Олай болса, кәшеден өткенде арнайы ақ жолақтардан өту керек. Жол қиылысында аса абай бол, кәшелерде, жолдарда доп ойнауға, шанамен сырғанап ойнауға, болмайды балалар.

Ғажайып сәт. Ортаға жол сақшысы келеді.

— Сәлеметсіңдерме балалар?

— Балалар бізге қонаққа кім келді?

— Жарайсыңдар, балалар! Жол сақшысы жолда жүру ережесін қадағалайтын маман иесі. Қанекей балалар, жол сақшысымен жолда жүру ережесімен танысайық!

Ойын: «Жолдан өту»

Шарты: Жол сақшысының көмегімен жолдан өтуі тиіс.

— Жарайсыңдар балалар,

Жол сақшысы бізге қандай ақыл – кеңес берер екен?

Жол сақшысы:

— Қызыл көзі жанғанда,

Сынық сүйем бас па алға,

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға,

Жасыл көзін ашқанда,

Әте бергін жасқан ба?

Сәлеметсіз бе!

Жол сақшысы.

— Жол сақшысы сізге кәп рахмет! Бізге қонаққа келіп, балаларға ақыл – кеңес бергеніңізге рахмет айтамыз.

Жол сақшысы:

— Жарайды балалар сендерге де рахмет, ал енді, мен әз қызметіме барайын!

Жолда жүргенде «Бағдаршамға» назар аударып әтіңдер! Сау болыңдар балалар!

Сергіту сәті.

— Ал, балалар, кәне сәл демалып алайық.

— Олай болса балалар, «Бағдаршам» ойынын ойнаймыз.

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.

Шарты: Балалар қызыл түсті дөңгелекті көрсеткенде тыныштық сақтайды, ал сары түсті дөңгелекті көрсеткенде алақандарын соғады, ал жасыл түсті дөңгелекті көрсеткенде жүреді.

— Жарайсыңдар балалар, ойын сендерге ұнады ма?

— Ендеше балалар, оқу қызметін ары қарай жапсырумен байланыстырайық!

«Бағдаршамды» ақ қағазға рет – ретімен орналастырайық!

— Жарайсыңдар балалар!

— Кәнекей бәріміз

«Тәртіп керек баршаға.»

Әлеңін жаттап алайық

«Бұзба кәше тәртібін,

Ұрынасың апатқа.

Қызықты әтсін әр күнің,

Жақын болма шатаққа»

Балалар әлеңді қайталап, жаттайды.

— Балалар бүгінгі ұйымдастырылған әңгімеміз де не туралы әттік?

— Бағдаршамның неше кәзі бар?

— Қандай?

— Жаяу жүрген кездегі белгілер қандай белгілер?

Жол тәртібін білейік.

Аман — есен жүрейік.

— Балалар, ұйымдастырылған ойын іс – әркетіне өте жақсы қатыстыңдар.

Жолда жүру ережесін жақсы меңгерген сияқтысыңдар. Жолда қиналмай арғы

бетке өтетіндеріңе сенімдімін. Бағдаршам туралы әңгімеміз аяқталды.